



АСТАНА

АКШАМЫ

КІТАПХАНАДА ҚОЖАМЕН КЕЗДЕСТІК



Көрнекті жазушы, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінің жазылғанына 60 жыл толды. Осыған орай ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Шын атым – Қожаберген» атты кітап бенефисі өтті.

Ақын Қадыр Мырза-Әлінің жазушының сол шығармасы туралы: «Бәріміз де бала болдық. Қазір есейдік, ересек тарттық. Дегенмен, сонау кезіміздегідей пәк емеспіз. Ал сол көңіл-күйімізді айна-қатесіз бейнелеген «Менің атым – Қожаны» барлығымыз оқып шықтық. Біз соны жазған Бердібек ағамызға сол кезде-ақ балалық көңілдің Мемлекеттік сыйлығын сыйлап қойғанбыз» деген пікірі бар. Бұл – жазушы шығармашылығына кейінгі толқын інілерінің берген бағасы деп айтсақ та болады.

Бердібек Соқпақбаевтың замандастары да қаламгердің жазушылық таланттың қапысыз мойыннадады. «Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі... Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жетекшілік жүргеннің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!» дейді жазушы Тахауи Ахтанов.

Кейіннен «Менің атым – Қожа» шығармасының желісімен кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев көркем фильм түсірді. Осыдан тұра елу жыл бұрын Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальде жулде алған кинотуындыны осы күндерге дейін жалықпай тамашалаймыз. Оның сырьы неде? Бердібек пен Қожа – бір адам, яғни повесті оқып, киноны көріп, біз жазушының балалық шағына саяхат жасаймыз. Шығарманың

шынайылығы да сонда, жазушы бас кейіпкер бейнесін суреттеу арқылы бала Бердібектің басынан кешкендерін мөлдір күйінде қағазға тұсірген. Қожаны – «ақылды тентек» деп білеміз. Балалықпен қандай қылышқа жасаса да, сүйсініп отырамыз.

Кітап бенефисінде де кинодан ұзінділерді көре отырып, Қожаның ғана емес, өзіміздің балалық шағымызға барып қайтқандай болдық. Мектеп окушылары шараға қатысып, шығармадан шағын қойылым қойды. Сол арқылы Қожа, Жанар, Сұлтанның бейнелерімен қайта қауыштырды. Әсірсе, Жанардың рөлін ойнаған оқушыдан болашакта жақсы әртіс шыға ма деп топшыладық. Әртіс демекші, балалармен кездесуге «Жастар» театрының директоры Ернар Жұматаев, осы театрдың белді актерлері Әділ Ахметов пен Дәурен Серғазин келді. Аталмыш өнер ошағының репертуарына «Менің атым – Қожа» шығармасының желісімен қойылған «Көзіме бір көрінсөң, бала ғашық» атты сахналық повесінің енгеніне де екі-үш жылдың көлемі болды. Қожаның Жанарға деген махаббаты өзек етіп алынған лирикалық туындыдан кездесуде монолог оқылды. Балалар телехикаялардан өздеріне таныс әртістерге қызықтырған сұрақтарын қойды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, бұл шара кітап пен киноның құдыреті мен тәрбиелік мәнін тағы да бір паш еткендей болды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ